



ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСТЕРІ

Бекенжанова А.А.

Ш.Есенов атындағы Каспий Технологиялар және Инжиниринг Университеті, «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Қазақстан тәуелсіздігінің нығаюына, оның өркениетті және демократиялық мемлекет ретінде дамуы – халықтың рухани жаңғыруына негізгі себеп болады. Қазақ халқының бір бөлігінің ата-мекенінен, тұрғылықты жерінен түрлі себептермен қудалауға ұшырап, басқа елдерге қоныс аударуынан қалыптасқан адамдар диаспора аталады. Дүние жүзінде көптеген халықтар түрлі тарихи кезеңде қоныс аударғанын білеміз. Халықтың белгілі бір бөлігінің тарихи отанынан тыс жерде орналасуы, қалыптасу себептері, кезеңдері мен бағыттары, тарихы, мәдениеті, өзге мәдени этностық ортаға бейімделуі және өмір сүруі зерттеу қажеттілігін туғызады. Бұл тағдыр жазуымен тарихи Отанынан шеттеп қалған біздің отандастарымызбен өмірдің барлық салалары бойынша тығыз байланыс жасауға мүмкіндік жасауда да ерекше. Қазақ ирредентасы және диаспорасының өмір сүріп жатқан мемлекеттерімен қатынас жасау біздің мемлекетіміздің маңызды компоненттердің бірі болып табылады. Қазақстанның аталған мемлекеттердегі қазақ диаспорасымен қарым қатынасы қазақ халқының шетелдегі ұлт ретіндегі әрі қарай өркендеуіне ықпал етеді.

Еліміздің тарихында ұзақ жылдар бойы айтылмай келген, зерттелмей келген мәселелерді жан жақты ашық зерттеп, бұрын жабық болып келген тақырыптарды еркін талқылауға, өткен оқиғаларға жаңаша баға беруге мүмкіндіктер пайда болды. Қазақ халқының тарихында осы уақытқа дейін жабық мәселелердің бірі болып келген алыс шетелдегі қазақтардың тарихы, саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы, ұлттық психологиясы мен дүниетанымы, тұрмыс салтының сақталуы мен өзгеруі, өзге этникалық ортаға байланысты мәдениетіне енген өзгешеліктері, тілі мен діні, ата мекеніне қайта оралуы мен бейімделуі қазіргі кездегі зерттейтін тақырыптарының бірі болып қарастырылып отыр. Егеменді ел болған азғантай уақыт ішінде біраз шындықтың беті ашылып, тарихымызды саралауға қол жеткіздік.

Отандастарымыздың тарихи отанына оралуы, яғни репатриация процесі еліміздің тәуелсіздікке қол жеткен алғашқы кезінен бастау алды. Әр түрлі тарихи-саяси себептердің салдарынан алыс-жақын шетелдерге босып кеткен қазақ өкілдері әлемнің көптеген мемлекеттерінде өмір сүруде. Қазақ диаспорасының пайда болуы және қалыптасуы негізінен екі жолмен



түзілгендігі белгілі: оның біріншісі мемлекеттік шекараларды белгілеген кезде өзінің байырғы ата-жұртында тұрса да негізгі этникалық ортасынан бөлініп қалған қазақтар болса, екіншісі, тарихи жағдайларға байланысты әр кезеңдерде көшіп барып орнығып қалғандар [1].

Тарихтың аласапыран жылдарында тағдыр тәлкегіне ұшырап, небір қиыншылықтарды бастарынан өткізіп, Қазақстанның батыс аймағы Маңғыстаудан Түркменстанға өтіп, теңіз арқылы көршілес орналасқан мемлекет Иранға пана іздеп кеткен қандастарымыздың өткені мен бүгіні және болашақтағы өмірі туралы жан жақты саралап, тарихи зерттеулер жүргізу тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі.

1932 ж. Маңғыстауда салықтан қалған мал қырылып, нағыз жұт басталды. Әр-түрлі түсініксіз салықтар, жеке меншік малдарын тәркілеумен қорқыту қарсылық туғызды. Халықтың көпшілігі болашаққа сенбеді, халық көтеріліп, оңтүстікке, Түрікменстанға жаппай ауа көшу басталды. Бір ғана 16-шы ауылдың өзінен халықтың үштен бірі үдіре көшті, мұндай қарсылыққа көптеген ауылдар қосылды. Көшіп кетсек, қашып кетсек, «әлі жеткеннің талауынан құтылармыз», - деп үміттенгендер де аз болмады. Сондықтан да 1931 ж. көктемінен бастап Қарақалпақ пен Түрікпен, тіптен Кавказ жеріне босқан адайлар мен табындардың легі үдей түсті [2].

Осындай әр түрлі себептермен алыс және жақын шет мемлекеттерге көшіп кеткен отандастарымыз еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи отанына орала бастады. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып қалыптасып, дамып, өз саясатын жүргізе бастаған алғашқы күннен бастап-ақ терең тарихы бар көші-қон мәселелеріне қатысты өз бағытын айқындауға тура келді. Осыған байланысты 1992 жылы «Көші-қон туралы» Заң қабылданып, осы заңның 1 бабына сәйкес, этникалық қазақтарға тарихи Отанына көшіп келуге құқық берілді. Заң жүзінде қандастарымызға иммиграциялық квота бекітіліп, этникалық иммиграция бойынша жұмыс істейтін арнайы мекемелер құрылды.

Көшіп келген халықты еңбекке орналастыру, кәсіби біліктілік алуды ұйымдастыру, еңбек нарығының талаптарына сәйкес даярлау және қайта даярлау, жеке істерін ашуға нақты көмек көрсету, басқа да кешенді шаралар легі ұйымдастырылды. Алайда, өзге елдердің менталитеті мен қоғамдық құрылымдық ерекшелігіне біте қайнасқан репатрианттардың республика шаруашылығына етене араласып кетуіне өзіндік психологиялық, экономикалық, әлеуметтік факторлар әсері болғаны белгілі. Республикада



бейімдеу орталықтарын халықаралық ұйымдардың көмегінсіз құру мүмкіндіктері қарастырылды. Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және тұрғындарды әлеуметтік қорғау Басқармалары облыстық Көші-қон және демография Басқармасымен бірігіп көшіп келген халықты жұмыспен қамту етуге ықпал жасайтындай іс-шара жоспарларын жасап, бекітті.

Ата жұртына оралған қандастарымыздың тарихи отандағы тұрмыс пен мәдени өмірге тез бейімделіп кетуі де біршама уақытты, төзімділікті қажет етумен бірге мемлекет тарапынан да көптеген әлеуметтік-мәдени шараларды жүзеге асыруды талап етеді.

Қазақ ұлты халықтарының Қазақстанға көшіп келуінің себептерінің бірі - қазақ тілін, мәдениетін, тарихи отанының әдет-ғұрпын сақтап қалу, балаларының келешегін қамтамасыз ету. Көшіп келген соң қандастарымыз қазақ тілі мен қатар орыс тілінің күнделікті қолдану қиыншылықтарымен кездеседі. Экономикалық және тарихи тұрғыдан этникалық қазақтардың тарихи Отанына көшіп келуі мемлекеттің ұлттық ерекшелігін сақтап қалуға және ішкі тұрақтылықты нығайтуға септігін тигізеді. Кеңес үкіметі билігі кезінде көптеген қазақтардың әдет-ғұрыптары жоғалды, қазақ тілін қолдану тек қана ресми деңгейде ғана емес, бейресми деңгейде де төмендеп кетті. Осыған байланысты қазақ тілі де, қазақ мәдениетінің көптеген элементтері де жоғалуға жақын болды.

Маңғыстау облысы – қандастарымыз көп орналасып жатқан аймаққа жатады. Бұл жерге – Түркменстаннан, Өзбекстаннан, әсіресе, Қарақалпақ автономиялық республикасынан, сонымен қатар Иран мемлекетінен келіп жатқан қандастарымыз көп. Мұндай қоныстанудың негізгі себебі Түркменстан мен Өзбекстанның тарихи түбірінің жақын болуы. Қазақ диаспорасының бір бөлігі ретінде көптеген қандастарымыз қазақ мәдениетінің әртүрлі аспектілерін, әдет-ғұрпын сақтап қалған. Бұл облыстарда әлеуметтік-мәдени бейімделуі солтүстік пен орталық өңірлерге қарағанда жеңілдірек өтеді. Кейбір елдерден көшіп келген қазақтар дінге өте жақын болады. Қандастардың мәдени бейімделуіне ықпал ететін тағы бір жағдай, олардың өмір сүру сипаты, дінге деген көзқарасының ерекшелігі. Бұл әсіресе киім киюінде, отбасылық қарым-қатынаста нақты көрініп тұрады.

Өзге аймақтармен салыстырғанда Маңғыстау облысына отандастарымыз жиі көшіп келеді. Өйткені олар экономикалық көрсеткішке ие «донор» аймақта жұмыс көздерін табу және жалақы деңгейінің өзге облыстарға қарағанда жоғары екендігін ескереді. Қазақтардың ата-жұртына біртіндеп оралуын,



олардың азаматтық мәртебе алуын, тұрғын үймен қамтамасыз етілуін және т.б. мұқтаждықтарын шешуге байланысты Қазақстан үкіметі өзінің егемендігін алған алғашқы күндерден бастап-ақ ауқымды жұмыстар атқаруда.

Маңғыстау облысының Ақтау және Жаңаөзен қалаларының жанындағы саяжайларға қоныстанған 10000-ға жуық оралмандарға ресми түрде тіркеуге тұруларына жағдай жасалған. Оралмандар өз бетімен тұрғын үй тұрғызып алу үшін жер учаскелерімен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілген. Ақтау қаласы маңындағы Приозерный - 3 және Маңғыстау кенті тұрғын үй массивтерінен оралмандарға 10 жер учаскесі жекеменшікке, 21 учаскесі жалға беру құқығымен берілген [3].

Бөгде ортада өмір сүрген Ирандағы қазақтардың тұрмыс дәстүрінде, дүние танымы мен рухани өмірінде, тіл мәдениетінде өзгерістер болғаны белгілі. Арада өткен көптеген уақыт ішінде қанша сақтаймын десе де халық, соның ішінде жастар өзінің кейбір салттарының, ұлттық киімдерінен айырыла бастады, қанша дегенмен парсыларға қарағанда тамшы суындай аз халық қой. Осыған байланысты ұлттығымызды жоғалтпас үшін жастарға ұлттық тәрбие беру толықтай ұлттық негізде болуы керек.

Қандастарымыз тәуелсіз Қазақ елінің демографиялық ахуалына ғана емес, сонымен қатар ұзақ жылдар бойы ұмытылуға айналған ата салттарымызды жаңғыртуға, рухымызды нығайтуға да игі ықпалын тигізуде.

Шетелдегі қазақ диаспорасы қанша қиыншылықтарды бастарынан өткерседе ата бабаларының жерін өзге елдің құрамында болсада қадірлеп, қастерлеп мекен етуде. Олардың негізгі арман мақсаттары қазақтың ежелгі мәдени рухани бай мұрасын келер ұрпаққа шашпай төкпей қастерлеп жеткізу. Сондықтын тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата бабаларымызбен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай төкпей жинап алуымыз, оны ата жұртқа және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа. Халқымыздың игі дәстүрлерін сақтап қалған шетелдегі қазақтар тарихи отанына оралып ұлтымыздың тамаша қасиеттерін тірілтуге, тіліміздің мәртебесін көтеруге, ұлттық қолөнерімізді, дәстүрімізді қайта жаңғыртуға көп ат салысары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ескекбаев Д. Қазақ диаспорасы: бүгіні және болашағы. –А., 2003
2. Омарбеков Т. Адай көтерілісі // Жұлдыз, 1992 – № 7
3. Калшабаева Б.К. Орта Азиядағы қазақ диаспорасы: көші–қон және интеграция мәселелері // Отан тарихы. – 2008. – №4